

«КЕЛІСЕМІН»
I вице-президент,
профессор М.Куталмыш

«БЕКІТЕМІН»
Қазақ-Түрік атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университетінің президенті,
профессор У.Абдибеков
04 2016 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-091-2016

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҚҰРМЕТТІ АТАҚТАРЫН БЕРУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Өзірлеген – Бас ғылыми хатшы М.Асанова
– Ғылым бөлімінің басшысы Д.Келесбаев
2. Келісілді – Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президент Т.Раимбердиев
– Ұйымдастыру және әлеуметтік-мәдени істер жөніндегі вице-президент Б.Мұхамеджанов
– Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Б.Ахметов
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының басшысы Ж.Дәрібаев
– Құқықтық және экономикалық қадағалау басқармасының басшысы А.Абсеметов
3. ЕНГІЗІЛДІ – 2016 ж.
4. Тексеру мерзімі – 2018 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түріптан

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "30" 11 2016 ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "30" 11 2016 ж.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "12" 12 2016 ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "12" 12 2016 ж.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Сапа менеджментінің жүйесі ЖҰМЫС ДАНАСЫ № 54 "26" 04 2016 ж.
--

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХКТУ-091-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің құрметті атақтарын беру Ережесі		9 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

Мазмұны	2
1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Жалпы ережелер	4
6. Өзгерістерді енгізу тәртібі. Келісу, сақтау және тарату	5
7. Танысу парағы	6
8. Өзгерістерді тіркеу парағы	7

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-091-2016</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің құрметті атақтарын беру Ережесі		9 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің **құрметті профессоры**, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің **құрметті докторы**, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің **құрметті қызметкері** атақтарын беру және университет қызметкерлерін сыртқы (халықаралық, мемлекеттік, қоғамдық және т.б.) марапаттарға ұсыну тәртібін белгілейді.

1.2. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан әрі – Университет) құрметті атақтары университетімізге арнайы келген мемлекет басшыларына, қоғамдық және саяси қайраткерлерге және Түркия Республикасы, түркі тілдес мемлекеттер мен шетелдік азаматтарға, университеттің дамуына ерекше еңбек сіңірген қызметкерлерге беріледі. Университеттің құрметті атақтарына ұсынылған үміткерлер университет Сенатында ашық дауыспен бекітіледі (2/3 дауыстан кем емес).

1.3. Бұл ереже Университеттің құрметті атақтарын беру және Университет атынан түрлі сыртқы (халықаралық, мемлекеттік, қоғамдық және т.б.) марапаттарға (атақтар, төсбелгілер, алғыс хаттар) ұсыну талаптарын жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.4. УЕ ХҚТУ-091-2015 Университет ережесі Ахмет Ясауи университеті сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР Конституциясы;
- ҚР Білім туралы заңы;
- ҚР Ғылым туралы заңы;
- ҚР «Еңбек Кодексі»;
- ҚР БҒМ Білім және ғылым қызметкерлерін көтермелеу жөніндегі нұсқаулығы
- Университет Жарғысы;
- 2014-2018 ж.ж. Стратегиялық жоспар;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХКТУ-091-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің құрметті атақтарын беру Ережесі		9 беттің 4-ші беті

Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ – университет ережесі;

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және қарастырылады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің президенті, Сенат төрағасы тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне және орындалуына Бас ғылыми хатшы жауапты болады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының сапалы орындалуына университет президентінің бұйрығы негізінде құрылған комиссия жауапты болып табылады. Бұл комиссия сараптау барысында осы ережені басшылыққа алады.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің **құрметті профессоры** (бұдан әрі – құрметті профессор) атағы университетке арнайы келген мемлекет және үкімет басшыларына, қоғам қайраткерлеріне сондай-ақ, ҚР БҒМ-нің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен профессор, доктор ғылыми атағы бар Қазақстан Республикасының, Түркістан қаласының, университеттің дамуына елеулі үлес қосқан елімізге танымал көрнекті саяси және қоғам қайраткерлеріне беріледі.

5.2. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің **құрметті докторы**, (бұдан әрі – құрметті доктор) атағы ғылыми дәрежесі бар, білім және ғылым саласында университетпен тығыз байланыстағы шетел ғалымдарына оқу ордамыздың дамуына қосқан үлесі үшін беріледі.

5.3. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің **құрметті қызметкері**, (бұдан әрі – құрметті қызметкер) атағы университетте кемінде үздіксіз 10 жыл еңбек еткен қызметкерлерге, еліміздің түрлі салаларында табысты еңбек етіп жүрген университет түлектеріне және рейтингісі жоғары шетелдік ғалымдар мен қызметкерлерге, ерекше еңбектері үшін төмендегі талаптарға сай беріледі:

5.3.1 Осы ереженің 4.4. бабы негізінде құрылған комиссия шешімі Сенатқа ұсынылады және Сенат Ережесінің дауыс беру және шешім қабылдау тәртібі бойынша рәсімделеді;

5.3.2 Ұсыныстар тиісті вице-президенттердің қажетті хаттамалар мен марапаттау қағаздарына (Қосымша В) негізделген хатымен университет президентіне немесе комиссия төрағасы атына рәсімделеді;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-091-2016</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің құрметті атақтарын беру Ережесі		9 беттің 5-ші беті

5.3.3 Комиссия шешімі хаттама ретінде рәсімделіп, Сенат хатшысымен ұсынысқа енгізіледі;

5.3.4. Үміткерлерді қарау (іріктеу) барысында соңғы оқу жылының рейтингісі бойынша алғашқы 50-лікке (елулік) енген тұлғаларға басымдық беріледі;

5.3.5. Ерекше жағдайларда университет Президенті мен I Вице-президенті «Құрметті қызметкер» атағына комиссияға тікелей ұсыныс беру құқығы арқылы Университеттің Басқару Кеңесі шешімі негізінде рәсімделеді;

5.3.5.1. Ерекше жағдайда, университеттегі үздіксіз еңбек өтілі 20 жылдан кем емес, мерей жастағы, ерекше еңбегі бар қызметкерлер де енеді.

5.3.6. Құрметті атақ иелеріне Сенат шешімі негізінде (немесе 5.3.5. бап негізінде) университет белгілеген «Ясауи», «Ұлағатты ұстаз», «университеттің 25 жылдығы» төсбелгісі және арнайы үлгідегі куәлік/диплом беріледі;

5.3.7. Құрметті атақтар: «Ясауи» төсбелгісі тәуелсіздік күніне орай, «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісі ұстаздар күніне орай, «университеттің 25 жылдығы» төсбелгісі университеттің құрылғын күніне орай (5.3.5. және 5.3.5.1. баптардан басқа жағдайларда) беріледі;

5.4. Университет оқытушы-профессорларын, қызметкерлерін мемлекеттік/республикалық, облыстық, қалалық марапаттарға (атақтар, төсбелгілер, алғыс хаттар) факультет, ғылыми-зерттеу институттарының Ғылыми кеңестері, әкімшілік-шаруашылық және мәдени-спорттық салалар бойынша тиісті департаменттері (бөлім, басқарма, орталық, клуб және т.б.) ұсыныс (ұсынысқа қоса хаттама/шешім, жеткен негізгі жетістіктерін дәлелдеуші құжаттар) береді. Бұл ұсыныстар арнайы комиссияда сарапталады және осы комиссияның ұсынысы негізінде Сенаттың (немесе 5.3.5. және 5.3.5.1. баптарға сәйкес) қарауына жіберіледі.

Сонымен қатар, ҚР БҒМ-ның марапаттауларына («Ы.Алтынсарин», «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілері, «Еңбек ардагері» медалі, Министрліктің «Құрмет грамотасы») үміткерлерді сараптау барысында ҚР БҒМ талаптарын қанағаттандырған жағдайда төменде көрсетілген талаптар ескеріледі:

5.4.1. Жалпы ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі 20 жылдан кем емес;

5.4.2. Университеттегі соңғы оқу жылының рейтингісі бойынша алғашқы 20-лықта болу.

5.4.3. Ерекше жағдайларда университет Президенті мен I Вице-президенті тиісті марапаттауларға комиссияға тікелей ұсыныс беру құқығы арқылы Университеттің Басқару Кеңесі шешімі негізінде рәсімделеді.

5.5. Тәртіптік жаза алған қызметкерлер заң аясында белгіленген шартты мерзім аяқталғанша/өткенше марапатталынбайды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХКТУ-091-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің құрметті атақтарын беру Ережесі		9 беттің 6-ші беті

6 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХКТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

6.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

7 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

7.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Бас ғылыми хатшыға жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі тұлғаларға жіберіледі: Вице-президенттер, факультет декандары, институт, департамент директорлары.

7.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын АРСБ-да сақтау жауапкершілігі АРСБ басшысына жүктеледі.


Жеті тараудан тұратын осы Ереже 2016 жылғы 26 ақпандағы Сенат мәжілісінің шешімімен бекітілді (№4 хаттама).

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылыми және инновациялық істер
жөніндегі вице-президент

 - Т.Раимбердиев

Ұйымдастыру және әлеуметтік-мәдени
істер жөніндегі вице-президент

 Б.Мұхамеджанов


Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі
вице-президент

 - Б.Ахметов

Аккредитация, рейтинг және сапа
басқармасының басшысы

 - Ж.Дәрібаев

Құқықтық және экономикалық қадағалау
басқармасының басшысы

 - А.Абсеметов

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-091-2016</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Университеттің құрметті атақтарын беру Ережесі</i>		<i>9 беттің 9-ші беті</i>

ҚОСЫМША В

МАРАПАТТАУ ҚАҒАЗЫ

1. *Тегі, аты, әкесінің аты* _____
2. *Қызмет/жұмыс орны, лауазымы* _____
3. *Туған жылы және жері* _____
4. *Қазіргі мекен-жайы* _____
5. *Жынысы* _____
6. *Ұлты* _____
7. *Азаматтығы* _____
8. *Білімі* _____
9. *Ғылыми дәрежесі, атағы* _____
10. *Жалпы жұмыс өтілі* _____, *оның ішінде саладағы жұмыс өтілі* _____
11. *Қазіргі еңбек ұжымындағы жұмыс өтілі* _____
12. *Марапатталушының нақты және ерекше еңбегі көрсетілген мінездемесі* _____

Марапатталушының кандидатурасы _____

(басқарма, департамент, кафедра, факультет, институт, орталық және т.б. құрылым атауы)

отырысында талқыланып, ұсынылды. 20 _____ жылдың « _____ » _____ күнгі № _____ хаттамасы.

Марапатталушы _____ ұсынылады.
(марапат атауы)

Тегі, аты, әкесінің аты _____
(басқарма, департамент, кафедра, факультет, институт, орталық және т.б. құрылым басшысы)

Қолы _____

М.Ө.

« _____ » _____ 20 _____ ж.